



Эльвира Темірханқызы Тебегенова,
*Қазақ спорт және туризм Академиясы,
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы, магистр*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АЙҚЫН ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасы – қазіргі әлем өркениеті кеңістігі дүние жүзінің елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан танымал мемлекет. 1991 ж. 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ы атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары “Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы” Заң қабылдап, заңның бірінші бабында Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Қазақстан Республикасы өзінің жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, Тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізетін, шет мемлекеттермен халықаралық құқықтық принциптері негізінде өзара байланыс жасайтыны жазылған. Мемлекетіміздегі барлық этнос азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, олар республикадағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі екендігі атап көрсетілген. Мемлекет азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, әр түрлі қоғамдық бірлестікте болуына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік меншігіне, айналысатын қызметіне, мекендейтін өңіріне қарамастан тең құқықтар иеленетіні, тең міндеткерлікте болатыны көрсетілген. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құратындығы, Отан азаматтарының әскери міндетін өтеу борышы, оның тәртіптері мен талаптары да нақты белгіленген.

1991 жылдың 16 қазанында Жоғарғы Кеңес «Қазақ ССР Президентін сайлау туралы» заңды қабылдап, 1991 жылдың 1 желтоқсанын Қазақ ССР Президентін сайлау күні етіп белгілеген қаулы да жарияланды. Қазақстан Мемлекетінің тарихында тұңғыш рет Республика басшысын жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы таңдау мүмкіндігі заңмен бекітілді. Ең алғашқыда Президент лауазымына үміткер ретінде сайлауға 3 кандидат ниет білдірген еді. Олар: Нұрсұлтан Назарбаев, Олжас Сүлейменов және Хасен Қожа-Ахмет. Сайлау науқаны өтетін күні қарсаңында ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов Нұрсұлтан Назарбаевты қолдайтынын мәлімдеп, сайлаудан өз кандидатурасын алып тастауды ұсынды. Ал үміткер Хасен Қожа-Ахмет өзін қолдайтын сайлаушылардың ең төменгі шегін жинай алмағандықтан, Орталық сайлау комиссиясы оны тіркеуден бас тартты. Қорытындысында Нұрсұлтан Назарбаев сайлауға бірден-бір кандидат болып қатысып, халық қолдаған Тұңғыш Президент болып сайланды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 наурызы – Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданған аса маңызды дата. Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Ұйымның жаңа мүшесі ретінде қабылданып, қазіргі заманның ең өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын мемлекет ретінде танылды. Тұңғыш Президентіміз Қазақстанның халықаралық саясатын мәлімдеп, екі маңызды ұсынысты әлем аддына білдірді: біріншісі – барлық үкіметтердің ізгі ниет білдіру тәртібімен «бір+бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігерінің қорын құру. Осы

формула әрбір мемлекет оған өзінің қорғаныс бюджетінен бір пайыз бөліп, жыл сайын оны бір пайызға ұлғайтып отыруына негізделді. Нәтижесінде он жылдан соң бітімгершілік сомасы он есеге өсетіні айқындалды; Президенттің екінші ұсынысы – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыруды ұйымдастыру. Елбасының бұл бастамасы көпшілік елдер тарапынан, әсіресе БҰҰ-дан қолдау тапты. Мемлекет басшысының ұсыныстары Қазақстан сыртқы саясатын айқындауда халықаралық саясатымыздың аса маңызды ықпалдылығын байқатты.

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум қорытындысында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылданды. Атазаңымызда мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың ұйымдастырылуы және болашаққа бағдар ұстай отырып қызмет ету ұстанымдары айқын көрсетілді. Отанымыздың әрбір жеке адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттегі халықтың мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі болып саналатын адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары және міндеттері нақты көрсетілді. Қазақстан Республикасындағы заңдарды қабылдайтын қос палаталы Парламенттің (Сенат және Мәжіліс) құрылуы да тарихымыздың жетістіктері қатарында қабылданады. Сенаттың жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенаты арасындағы келіспеушіліктерді қарау және еңсеру үшін келісу комиссиясының құрамына Парламент Сенатының депутаттарын сайлау туралы» Қаулы қабылданды. Бұл – мемлекетіздегі материалдық және рухани мәдениет салаларын дамытуға, ішкі және сыртқы экономикалық саясатты жүргізудегі негізгі заңдар арқылы еңбек етудің айқын бағдарын белгілейтін халық өкілдерінің беделді Парламентінің мәртебесі.

Мемлекеттік рәміздер – Отанымыздың тарихындағы тұңғыш құндылықтарымыз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Ол –Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) бекітілген. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік гербінің негізі — шаңырақ. Ол — елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — айналған Күн шеңберінің Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті бейнеленуі, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркі халықтары, оның ішінде қазақ үйіндегі, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — Ұлы Дала көлігі, көшпелілердің желдей ескен жүйрігі, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнеленуі. Қанатты тұлпар — қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі классикалық бейне. Тұлпар ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көркем бейнеленген суреті. Көшпелілердің қанатты тұлпары Уақыт пен Кеңістікті тұтастырады. Тұлпар – мәңгілік өмірдің бейнесі. Көк тулы Қазақстан шаңырағының астында тату-тәтті өмір сүретін халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін біздің Герб толық қамтыған. Бес бұрышты жұлдыз – гербтің тәжі болып саналады. Бес бұрышты жұлдыз арқылы отандастарымыздың бәрінің де жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар екендігі бейнеленген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы –мемлекеттік негізгі рәміздердің көрнектісі. Мемлекеттік Ту ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) бекітілген. Мемлекеттік туымыз – көгілдір түсті тік бұрышты кездеме болуы белгіленген. Тудың ортасында арайлы Күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленіп, ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектеліп орналасқан. Тудың бетіндегі Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті бояуымен ерекшеленген. Тудың ені ұзындығының жартысына тең болып есептелген. ҚР Мемлекеттік Туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков. Тудағы Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік

күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын байқатады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтары үшін әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болуымен бағаланған. Геральдика (латын тілінде – гербтану) – көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерді танытуымен ерекшелінеді. Байырғы түркі өркениеті тарихындағы түркі тілінде “көк” сөзі аспан деген ұғымды білдіріп, көк түс қазақ халқы үшін қасиетті сөз болып қалыптасқан. Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени-семиотикалық тарихы негізінде, Мемлекеттік Тудағы көгілдір түстің Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсететіндігін түсінеміз. Тудағы Нұрға малынған алтын Күн тыныштық пен байлықты бейнелеуімен маңызды. Адамзат үшін Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі ретінде бағаланады. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Көк Туымыздағы ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран Қазақстан Республикасының еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқы жан ділі дүниетанымының кеңдігін, жомарт пейілін бейнеленумен маңызды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны (сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев; әні: Шәмші Қалдаяқов) – Отанымыздағы барлық азаматтардың мемлекеттік қазақ тілінде орындайтын қасиетті ресми жыры. Тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасы үшін негізгі қаржылық қатынас дәнекері ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі. Ол – Қазақстан Республикасының тұңғыш ұлттық валютасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 ж. 15 қарашадағы жарлығы бойынша айналысқа енгізіліп мемлекетіміздегі халқымыздың тұрмыстың әлеуетін нығайту қызметін атқарып келеді [1]. Қазақстан Республикасының өркениет кеңістігіндегі тарихи дамуының жетістіктері–болашақ дамуымыздың тарихи негізі. Қазақстан – «өркениеттер торабы»[2, 3-39-бб.]. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында әлем өркениеттері тоғысында біздің Отанымыздың ғасырлар бойы аса маңызды орын алып келгенін атап көрсетті: «Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келеді» [2, 83-84-бб]. Елбасымыздың осындай тарихи байланыстар аясында Қазақстан Республикасы Республикасының жалпыәлемдік мәдени, экономикалық байланыстарды, ықпалдастықтарды дамытудағы ұстанымы жаңа жетістіктердің жарқын болашағына бағдар болуда.

Қазақстан Республикасы – ислам, христиан және буддизм сынды әлемдік ірі діндердің табиғи тоғысқан мекені болғаны – тарихи дәстүр жолы. Ғасырлар бойы әртүрлі халықтар мен этностардың өкілдері біздің Отанымызда бейбіт өмір кешіп, еңбек етуде. Өзара байып, өркендеуге алып келген жүйелі мәдени және рухани байланыстар жаңаша жалғасуда. Қазіргі жаңа дәуірімізде де біздің халқымыз бұл баға жетпес құндылығымызды сақтап, ұлғайтып, болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдыруға ынтылылығымен әлем халықтарының құрметіне ие болуда. Қазақстан Республикасы 30 жылдық Тәуелсіздігі мерзімінде мемлекетіміздегі үлгілі этносаралық және конфессияаралық келісім моделін қалыптастырды.

«ЭКСПО – 17» халықаралық көрмесін ұйымдастырып Қазақстан посткеңестік кеңістікте өз аумағында кең ауқымды көрме өткізу құқығына ие болған бірінші ел екендігін дәлелдеді. Өткен тарихи кезеңдерде Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Австралия, Австрия, Бельгия, Италия, Канада, Испания, Бразилия, Оңтүстік Корея, Португалия, Германия, Қытай және Түркия сынды мемлекеттердің де бүкіләлемдік көрме өткізгендігі мәлім. Қазақстан Республикасының әлем өркениетіндегі осы дәстүрлі іс-шараның өткізгені – Отанымыздың халықаралық беделін мәртебелендіре түсті. «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі – Қазақстанның астанасы сол кездегі Астана, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйегіне дейін «Болашақ энергиясы» тақырыбымен өткеніне ЭКСПО-2017 көрмесінің бойтұмары Сәуле, Қуат, Мөлдір болғандығы айта отырып, көрменің құрылымдық ерекшелерін де мақтанышпен айта аламыз.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қазіргі мемлекетіміздің болашақ жолының айқын бағдарламасы. 2012 жылы желтоқсанда Тұңғыш Президентіміз – Елбасымыздың Республика халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады:

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм

2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау

3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік

4. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары

5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту

6. Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту

7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі [1, 5, 6].

Қазақстан Республикасы – әлем халықтары татулығының, бейбітшіліктің ұйытқы орталығы. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әрбір үш жыл сайын өтіп келеді. Елбасымыздың саясаты бойынша дәстүрлі діндер көшбасшыларының арасындағы сенім мен түсіністік осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың мәңгілік татулық негізі екені ақиқат. Дін өкілдері бас қосуын Кофи Аннан, Джордж Буш, Маргарет Тэтчер, Цзянь Цземинь, Нельсон Манделла, Жискаар Эстен және әлемнің өзге де аса ықпалды саясаткерлері жоғары бағалады. Нұрсұлтан Назарбаев діни лидерлерге қоғамды жақсартуға қосқан үлестері үшін алғыс айтып, екі ұсыныс жасады: **біріншісі** – Бейбітшілік және келісім сарайында съезд тарихынан сыр шертетін арнайы мұражай құру. Мұражай съез ғылыми мекемесі ретінде талқыланған барлық идеяларды жинақтайды; **екіншісі** — «Рухани әлем мен келісімді дамытуға және нығайтуға қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығын тағайындап, онымен көрнекті тұлғаларды марапаттау [1].

Қазақстан Республикасының жаңа тарихнамасында жүзеге асырылған игі істердің көрнектісі – жыл сайын 1 наурыз күні – Алғыс айту күнінің белгіленгендігі. Бұл – Қазақстан Республикасындағы ұлттар татулығының ұйытқысы болған мереке. Мемлекет құрушы қазақ халқына республикадағы әр түрлі этнос өкілдерінің ризалық көңілін танытатын бұл мереке Елбасымыздың Жарлығымен 1 наурыз – Алғыс айту күні болып бекітіліп, өткізіліп жүр. Халықтар достығының Қазақстандағы тұрақты сақталып келе жатқан дәстүрін танытатын бұл күн – мемлекет ішіндегі барлық этностардың өзара татулығын, отбасылардың, туған туыстардың, бірге өмір сүріп жатқан бүкіл адамдардың бірлігін нығайтатын өте маңызды мереке. Қазақстанның Тәуелсіздігі жылдарындағы бірлігі жарасқан халқының мызғымас татулығы әлем алдында жыл сайын осылайша аталып отырады.

Қазақстан Республикасы – қазір Тұңғыш Президентіміздің – Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [3] және оның жалғасы «Ұлы Даланың жеті қыры» [4] стратегиялық-бағдарламалық мақалаларында көрсетілген жалпыұлттық өркендеу іс-шараларын жүзеге асыру жолында еңбек етуде. Елбасымыздың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының қорытынды бөліміндегі тұжырымы бәрімізді, әсіресе, жоғары білім алушы болашақ мамандар біздерді Қазақстан Республикасыды Мәңгілік Ел бағдарындағы даму жетістіктерін жүзеге асыруға жігерлендіреді:

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабалармыздың көпғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті, әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндіктер береді. Төл тарихын беретін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» [4, 2-б.].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының жаңа тарихнамасындағы жетістіктеріміздің болашақта жалғаса беретініне кәміл сенеміз. Қазіргі жаңа Президентіміз Қасым-Жомар Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын [7] іске асыру жөніндегі шаралар қазіргі кезде белсенді жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының 175, Әбу-Насыр Әл-Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойларына арналған іс-шаралардың жүйелі жүргізілуі халқымыздың азаматтық-отаншылдық рух қуатын күшейтуде айрықша ықпал етіп отыр. 2020 жылдың 16 наурызынан бастап республика көлемі бойынша COVID-19 жұқпалы кеселіне қарсы жарияланған карантиндік кезеңде де Отанымыздағы халқымыздың ұйымшылдығы, отаншылдық-азаматтық рухы төмендеген жоқ.

2021 жылдың 16 желтоқсаны – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі салтанат құрып келе жатқан жаңа тарихына 30 жыл толатын күн. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тарихи-танымдық мақаласындағы «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» атты бөлімдерінде өткен 30 жылда жүзеге асырылған маңызды жетістіктерді жүйелей баяндай келе, қазіргі және болашақ отандастарымыздың азаматтық-патриоттық парыздарын атап көрсетті: «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелестік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. ...Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі» [8, 3-б.]. Қазақстан Республикасының Мәңгілік Ел бағдары дамуындағы стратегиялық-экономикалық міндеттерді кешенді түрде жүзеге асыратын болашағы жаңа жетістіктермен жалғаса берері ақиқат.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана: Елорда, 2017. – 508 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 жыл, 1-2-бб.
4. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, №223, 21 қараша, 2018 жыл, 1-2-бб.
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк): Ұжымдық кітап. – Алматы: Дәуір, 1994. – 448 б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том: Қазіргі заманғы Қазақстан. – Алматы: Атамұра, 2010. – 688 б.
7. Тоқаев Қ.К. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Алматы ақшамы» газеті, № 106 (5769) 5 қыркүйек, 2019. – 2-6-бб.
8. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат// EGEMEN QAZAQSTAN, №2 (29981), 5 қаңтар, 2021 жыл, 1-3-бб.